

Б. С. Халықова, Н. Ю. Юлдабаева

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ

Адам

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектептердің (сыныптардың) 9-сыныбына
арналған әдістемелік құрал

Алматы
2021

ӨОЖ 376
КБЖ 74.3
X17

Халықова Б.С. т. б.

X17 Жаратылыстану. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 9-сыныбына арналған әдістемелік құрал / Б. С. Халықова, Н. Ю. Юлдабаева – Алматы: «ӨБЕО орталығы» ЖШС, 2021. – 96 б.

ISBN 978-601-347-217-1

ӨОЖ 376
КБЖ 74.3

ISBN 978-601-347-217-1

© «ӨБЕО орталығы» ЖШС, 2021

КІРІСПЕ

Мектеп түлектерінің тиімді әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету міндетімен байланысты Қазақстандағы арнайы білім беру тәсілдемесіндегі өзгерістер оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнындағы өзгерістерді де талап етеді. Қазіргі заманғы ОӘК-нің басты міндеті – алған теориялық білім мен практикалық дағдыларды өмірде қолдануға үйрету.

Бұл әдістемелік құрал «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешенінің (ОӘК) құрамдас бөлігі болып табылады.

Оқу-әдістемелік кешен жиынтығына:

- «Жаратылыстану. Адам» оқулығы;
- әдістемелік құрал кіреді.

Оқу-әдістемелік кешен жеңіл ақыл-ой бұзылыстары бар 9-сынып оқушыларына арналған жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес келеді.

Осы оқу құралында ұсынылған әдістемелік ұсынымдар бағдарламалық материалды игерудің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу үшін зерде бұзылыстары бар оқушылардың жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерін ашады.

9-сыныпта оқушылар жаратылыстану циклінің соңғы бөлігі – «Адам» бөлімін оқуға кіріседі.

Тоғызыншы сынып оқушылары адам ағзасы, мүшелері және олардың қызметтері туралы ақпарат алады. Сондай-ақ, олар әртүрлі аурулардың алдын алу, денсаулықтың кейбір бұзылуларының себептері, салауатты өмір салты, алғашқы көмек көрсету әдістері, ауру немесе жарақат алу кезіндегі іс-қимыл алгоритмі, ауру жағдайында кеңес алуға болатын дәрігерлердің мамандануы туралы өмірлік маңызды ақпарат алады.

Арнайы мектептегі «Жаратылыстану. Адам» курсы бір-қатар ерекшеліктерге ие:

- алынған оқу ақпаратының көлемі қысқартылған;

- арнайы терминдердің саны азайған;
- курстың құрылымы мен мазмұны, себеп-салдарлық байланыстарды ашу тереңдігі жеңілдетілген;
- дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету бойынша білімді практикалық қолдануға және белгілі бір дағдыларды игеруге бағытталған практикалық-бағдарланған оқу материалының көлемі ұлғайтылды.

Әдістемелік нұсқаулықта мұғалімдер назарына ұсынылады:

1. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар үлгісі. Ол мұғалімнің қалауы бойынша өзгертілуі мүмкін (1-қосымша).

2. Сынып оқушыларының құрамын ескере отырып, күнтізбелік жоспар тақырыбы бойынша сабақтар топтамасын немесе жеке сабақтарды қысқа мерзімді жоспарлауға жақсы көмек болатын «Адам» курсының оқу тақырыптарының технологиялық карталары. (2-қосымша).

3. Сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар үлгісі (3-қосымша). Сабақтың ақпараттық картасы – дәстүрлі жоспар-конспектiнiң графикалық нұсқасы, мұғалiмнiң таңдаған параметрлерi (сабақтың кезеңдерi, мақсаттары, оқу материалының мазмұны, оқу қызметiн ұйымдастырудың әдiстерi мен тәсiлдерi және т.б.) бойынша сабақты құрылымдауға мүмкiндiк беретiн кесте. Сабақтың барысын ақпараттық карта түрiнде жазу мұғалiмге дайындық кезеңiнде оның мазмұнын барынша егжей-тегжейлi көрсетуге, сабақтың тақырыбына сәйкес келетiн бағдарламаның негiзгi тұстарын тиiмдi көрсетуге мүмкiндiк бередi. Бұл сабақтың әр кезеңiндегi оқу қызметiнiң таңдалған мазмұнының, формаларының, әдiстерiнiң, құралдары мен түрлерiнiң ұтымдылығы мен әлеуеттi тиiмдiлiгiн бағалауға мүмкiндiк бередi.

4. Үш нұсқада ұсынылған «Бағдарламалық материалды игеруден күтілетін нәтижелер» бөлімін қамтитын оқушы жетістіктерінің карталары: күрделіліктің төмен деңгейі, күрделіліктің орташа деңгейі және күрделіліктің жоғары деңгейі.

Олар оқушылардың «Жаратылыстану. Адам» курсы игеруін бақылау үшін қажет (4-қосымша).

«Жетістіктер» бағанында оқушының біліміне сәйкес келетін шартты белгі қойылады: «+» меңгерген, «-» меңгермеген, «0» – ішінара меңгерген. Баған әр тоқсанның соңында немесе тақырыптардың зерттелуіне қарай күнтізбелік жоспарда қарастырылған қайталау және қорыту сабағынан кейін толтырылады. Карталар 9-сыныпта оқытылатын бөлімдер бойынша құрастырылған.

Алынған мәліметтер негізінде мұғалім әр тоқсанның соңында оқушының жетістіктері туралы қорытынды жасайды және осы оқушымен жеке жұмыс жоспарын жасайды.

Әр оқушының мониторинг нәтижелері бойынша мұғалімге жалпы сынып пәні бойынша мониторинг жүргізу ұсынылады. Мұндай мониторинг оқыту тиімділігінің жай-күйін көрсетеді, мұғалімге сабақта қолданылатын сәтті және сәтсіз оқыту әдістері мен тәсілдерін анықтауға және оқу үдерісіне тиісті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Оқушының кез келген жетістіктері, олар қаншалықты аз болса да, жағымды деп қарастырылуы керек. Бұл ретте білім алушылардың жетістіктерін бір-бірімен салыстыруға болмайды. Оқушының жетістіктерін тек өзінің алдыңғы жетістіктерімен салыстыруға болады. Зерде даму бұзылыстары бар білім алушыларға қатысты үлгерім пайызы мен білім сапасын анықтау дұрыс емес.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ. АДАМ» ОҚУЛЫҒЫН ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР

«Жаратылыстану. Адам» оқулығының өзіндік ерекшелігі – оқушының бір-бірінен бөлек білім мен дағдыларды ғана игеруді емес, оларды кешенді түрде игертуді көздейтін сараланымдық тәсілдеме мен құзыреттілікке бағытталған оқытуды жүзеге асыруды ескере отырып оны құру.

Мектепте оқуды аяқтау және дербес өмірге көшу фактісін ескере отырып, 9-сыныпта «Адам» бөлімінде алғаш рет «Көбею мүшелері», «Тууды реттеу» тақырыптарын игеру ұсынылады. Жыныс жүйесінің жұқпалы аурулары. Олардың алдын алу. Түлектердің көпшілігінің білімі 9-сыныптан кейін аяқталады және оқулық осындай ақпараттың бірден-бір баспа ғылыми көзі болып табылады, оны игеру оқушыларды қоғамдағы дербес өмірге дайындау үшін өте маңызды.

Адам ағзаларының негізгі жүйелерін жануарлар ағзаларының маңызды топтарының өмірлік функцияларымен (тамақтану және асқорыту, тынысалу, зат алмасу, бөліну, көбею) салыстырмалы талдауға сүйене отырып зерттеу ұсынылады. Бұл оқушыларға адамды тірі табиғаттың бөлігі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. 9-сыныпқа дейін оқушыларда морфологиялық, анатомиялық-физиологиялық және санитарлық-гигиеналық білімнің белгілі бір қоры бар, сондықтан мақалалар мәтіндерінің мазмұны білімнің сабақтастығына бағытталған.

Әр бөлімді бастамас бұрын, бөлімнің мазмұны туралы, оқушы оны оқығаннан кейін қандай білім мен дағдыларды игеретіні туралы қысқаша ақпарат ұсынылады.

Анатомиялық және морфологиялық материалдың біршама қысқаруына байланысты бағдарламада адам денсаулығын сақтауға байланысты тақырыптар бар. Оқушылар кең таралған аурулармен және олардың алдын алумен танысады, алғашқы көмек көрсету тәсілдері туралы біледі және оның қарапайым әдістерін игереді.

Негізгі жаратылыстану түсініктері мен ұғымдары, арнайы терминдер негізгі мәтінде басқа қаріппен ерекшеленеді. Олар тікелей мақаланың мәтінінде түсіндіріледі, олардың анықтамасы тиісті иллюстрациялық қатарға негізделген.

Оқулықтың суреттері оқу материалын ұсыну құралы болып табылады. Олар оқушылардың танымдық белсенділігін

ынталандырады, іргелі түсініктер мен ұғымдардың қалыптасуына ықпал етеді.

Оқытуды саралау оқу материалының мазмұнын ұсынудың әртүрлі формаларын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Оқулықта мәтіндер *негізгі, минималды және тереңдетілген* болып бөлінеді.

Негізгі мәтін – күрделіліктің жоғары және орта деңгейіндегі тапсырмаларды игеретін оқушылардың көпшілігіне арналған бағдарламалық материалды ұсынатын оқулықтың мақаласы.

Түрлі түсті шеңберде ұсынылған *минималды мәтін* күрделіліктің жоғары және орташа деңгейіндегі оқу материалын игеретін оқушыларға қорытынды ретінде, ал күрделіліктің төмен деңгейіндегі материалды игеретін оқушыларға негізгі оқу материалы ретінде ұсынылады. Минималды мәтінде көп мөлшердегі жаратылыстану мәліметтері, атаулары, терминдері жоқ және қарапайым, қолжетімді тілде жазылған.

Тереңдетілген мәтін түрлі түсті шеңберде ерекшеленген және «Жаратылыстану. Адам» курсы бойынша қосымша материалдан тұрады.

Оқулық мәтіні оқушыларға ұғынықты болуы үшін оны абзац сияқты логикалық фрагменттерге бөлу қажет.

Сұрақтар мен тапсырмалар бағдарламалық материалды игерудің әртүрлі мүмкіндіктеріне, оқу тапсырмаларын орындауда әртүрлі дербестік дәрежесі бар оқушыларға арналған. Олар оқулық мәтініне дейін және кейін орналастырылған.

Мақаланың алдында білімді өзектендіруге арналған тапсырмалар мен сұрақтар қойылған.

Мақаладан кейінгі көп деңгейлі сұрақтар мен тапсырмалар жаңа білімнің игерілуін бақылауға, оқылғанды талдау қабілетін қалыптастыруға, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға, салыстыруға, негізгісін бөліп көрсетуге, бар білімді басқа жағдайларда пайдалануға бағытталған.

Тікелей жауап табуға болатын сұрақтардан басқа, дұрыс жауап беру үшін оқығанды талдау, өмірлік тәжірибені қолдануды қажет ететін сұрақтар ұсынылады. Бұл физиологиялық процестердің себептері мен өзара байланысын түсіндіруді, дәлелдер келтіруді, әртүрлі оқу жағдайларында білімді қолдануды көздейтін сұрақтар. Мысалы, *Аспаз үшін қай сезім мүшелері ерекше маңызды деп ойлайсыз?*

Оқулықтағы кейбір сұрақтар мен тапсырмалар оқушы қандай да бір маманның жұмысын жеңілдетілген түрде көрсету арқылы орындайтындай берілуі тиіс. Мысалы: *«Өзіңді тамақ гигиенасы жөніндегі дәрігермін деп елестет».*

Жеке сұрақтарға жауаптар оқушылардың компьютерді пайдалану қабілетінің болуын көздейді (мысалы, *информатика сабағында «Жылу мен күн соққыларынан қалай аулақ болуға болады» презентациясын дайында*). Тапсырмалар сараланған түрде ұсынылады. Мұндай тапсырмаларды жоспарлауды информатика мұғалімімен келісуге кеңес беріледі.

Сабақта өткен оқу материалын бекіту үшін оқулықта «Дәптерде орындауға арналған тапсырмалар парағы» бар. Онда төмендегілер қарастырылған:

- өзін-өзі бақылаудың әртүрлі формаларын қолдану (ребусты шеш, ішкі ағзалардың аттарын жаз, суреттен аталған ішкі ағзаны тап);
- күрделілік дәрежесі бойынша сараланатын тапсырмаларды қолдану;
- қызықты материалды пайдалану.

Оқулықта практикаға бағытталған материал оқушылардың психологиялық және танымдық ерекшеліктерін ескере отырып таңдалады және оқу мақалаларында да, арнайы белгішемен белгіленген ситуациялық тапсырмалар түрінде де ұсынылады. Оқушылардың ситуациялық тапсырмаларды шешудегі іс-әрекеттерінің болжамды алгоритмі оқулықта саралап оқытуды ескере отырып жазылған. Тәжірибеге

бағытталған тапсырмалар ӘТБ сабақтарымен тығыз байланысты, сондықтан күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды құру кезінде мұндай сабақтарды жоспарлау үшін ӘТБ және жаратылыстану мұғалімдерінің бірлескен шешімдері қажет.

Оқу мәтіндері мен тапсырмалары оқушылардың өзіндік іс-әрекетке қатысуының әртүрлі дәрежесін қамтиды. Сондықтан практикалық және зертханалық жұмыстар әртүрлі деңгейдегі қадамдық нұсқаулармен бірге жүреді.

Оқулықпен жұмысты ұйымдастыру кезінде әдістемелік талаптарды сақтау қажет:

- міндетті сөздік жұмысын ұйымдастыру;
- оқулықтың күрделі мақаласымен жұмыс жасау барысында әртүрлі көрнекі құралдарды (ең алдымен, бейнелі) жұмылдыру;
- сабақта әртүрлі оқу түрлерін (түсініктеме беру, таңдау, жеке бөліктер бойынша, дауыстап, ішінен) қолдану;
- оқушылардың оқылған материалды түсінуі бойынша міндетті жұмыс.

Оқулық тек оқушылар үшін ғана емес, мұғалім үшін де негізгі оқыту құралы болып табылады. Мұғалім сабаққа дайындалу барысында оқулық мақаласының мазмұнына назар аударады, сынып оқушыларының нақты құрамына ұсынылған материалды өңдеп, өзінше ұйғарады.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Жаратылыстану» курсы бағдарламасының жаңартылған нұсқасында жаратылыстану білімін практикалық қолдануға (қысымды өлшеу, таңғышты байлау және т.б.) көп көңіл бөлінеді. Жаратылыстану материалдарын зерттеу мектеп оқушыларының экологиялық, эстетикалық, патриоттық,

физикалық, еңбек, санитарлық-гигиеналық және жыныстық тәрбие мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

«Адам» бөлімін қарастырудың әдістемелік ерекшеліктері:

- оқушыларда бар қарапайым түсініктер мен білімге, өмірлік тәжірибеге тұрақты сүйену;

- адам ағзасын зерттеудің өзіндік әдісі – түрлі аурулардың диагностикасы, өзін-өзі бақылау әдісін қолданудың мақсатқа сәйкестігі;

- басқа оқушылардың жекелеген ішкі ағзаларының (адам пішіні) қандай да бір функцияларын салыстыру, талдау кезінде жүйелі бақылауды ұйымдастыру;

- түрлі көрнекі құралдарды қолдану: макеттер, муляждар, кестелер, плакаттар, оқу фильмдері;

- қарапайым тәжірибелерді көрсету;

- зертханалық және практикалық жұмыстарды ұйымдастыру;

- іскерлік ойындарды өткізу, ситуациялық тапсырмаларды қосу;

- оқу материалын мұқият іріктеу;

- дамыту сипатындағы жазбаша тапсырмалардың алуан түрлері;

- тәрбие міндеттерін кешенді шешу;

- санитарлық-гигиеналық ептілік пен дағдыларды жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу;

- алғашқы көмек көрсету бойынша практикалық жұмыстарды жүргізу.

Жаратылыстану ғылымдарын оқыту үдерісінде оқушылардың оқу қызметін ұйымдастырудың негізгі формалары – бұл сабақ, зертханалық-практикалық сабақтар, экскурсиялар, үй жұмысы, сыныптан тыс жұмыстар.

- Сабақ – бұл барлық сынып оқушыларымен қатаң кесте бойынша өткізілетін міндетті жүйелі үдеріс.

- Зертханалық-практикалық сабақ – бұл оқу үдерісін арнайы ұйымдастыруды және арнайы жабдықтауды қажет ететін сабақ немесе сабақтың бөлігі.

- Үй жұмысы мұғалімнің тапсырмасы бойынша жүргізіледі және оқу материалын қайталауға және бекітуге, оқушылардың пәнге қызығушылығын дамытуға бағытталған.

- Сыныптан тыс жұмыс – бұл оқушылардың ерікті қалауы негізінде ұйымдастырылған үйірмелердегі, факультативті сабақтардағы қызығушылықтар бойынша жұмыс.

Оқытуды ұйымдастырудың әрбір нысаны түзету-педагогикалық үдеріс жүйесіне кіреді және оқу материалын меңгеруді қамтамасыз етеді.

Жаратылыстану білімін жеткіліксіз игерудің себептері болуы мүмкін:

- сабақтарда оқытудың ауызша әдістерінің басым болуы (әңгімелеу, сөйлесу, түсіндіру);

- оқушыларды практикалық жұмыстарды орындауға эпизодтық жұмылдыру.

Мұғалім оқушылардан барынша жақсы нәтиже алу үшін өз қызметін қалай ұйымдастыруына болады?

Сабақтың құрылымын анықтай отырып, мұғалім әр кезеңде жұмыс әдістерін таңдайды. Мұнда келесі жағдайларды ескерген жөн:

- Сабаққа енгізілген кез келген оқу сәті оқу ақпаратын өңдеу мәселесін шешуі тиіс: бекіту, меңгеру, қайталау.

- Мұғалім өзі және оқушылар меңгерген ақпараттың көлемі мен тәсілдерін алдын ала білуі керек. Ол үшін оқушыларға нені қалай істеу керектігін екі рет қайталамас үшін нақты нұсқаулар беру қажет.

- Сабақтың түзету бағыттылығы сабаққа енгізілген әдістердің тек оқыту ғана емес, сонымен бірге дамыту функциясын да орындауын көздейді. Ол үшін бірнеше талдағыштар-

ға сүйене отырып тапсырмаларды ойластыру қажет, яғни оқушылар жай ғана оқып, жазып, жауап беріп қана қоймай, оны психологиялық функциялардың белсенді жұмысына қатыса отырып жасауы тиіс.

Жаратылыстану сабағының екі нұсқасын қарастырайық.

1-нұсқа.

Тақырыпқа кіріспе кезеңі.

– Біздің сабағымыздың тақырыбы – «Адам және басқа сүтқоректілер». Бүгінгі сабақта сүтқоректілер тобына жататын жануарларды қарастырамыз...

2-нұсқа.

Тақырыпқа кіріспе кезеңі.

– Сабағымыздың тақырыбын білу үшін көмекші сөзді қолдана отырып ребусты шешулерің керек.



және т.б.



– Алдарыңдағы суретте әртүрлі жануарлар берілген. Оларды он секундта есте сақтап алыңдар.

Мұғалім суреттерді жауып, осы жануарлардың аттарын атауды (немесе жазуды) ұсынады.

– Бұл жануарларды не біріктіреді деп ойлайсыңдар?

– Неліктен оларды сүтқоректілер деп атайды?

– Адамның бұл жануарларға қандай қатысы бар?

– Бүгінгі сабақтың тақырыбын атаңдар.

Сабақтың екінші нұсқасы оқушылардың танымдық іс-әрекетінің белсенділік дәрежесі бойынша анағұрлым қарқынды, сондықтан өтемақы механизмін дамыту үшін пайдалы. Оқушылар сабақтың тақырыбын біліп қана қоймай, оны

шешіп, өздерінің функцияаралық байланыстарын дамытады (дамытуға тырысады).

Сабақта жұмыс істеу әдістерін таңдап, мұғалім оларды сабақта оқушылардың іс-әрекетінің өзгеруі және сол арқылы оқытудың қорғаныс режимі жүзеге асырылатындай етіп біріктіруі керек.

Сабақты оқушылар үнемі әңгімелесу режимінде жұмыс істейтіндей, ұзақ жазатындай немесе ұзақ оқитындай жоспарлауға болмайды. Сабақта оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттерін қолдану қажет: тыңдайды (мұғалімді), жауап береді (әңгімелесу); ойланады және жазады (бағдарламаланған тапсырмалар), айтады (оқушының әңгімесі), ойнайды (кроссворд); оқиды (мәтінмен жұмыс) және т. б.

Оқушылардың тиімді еңбек қабілеттілігіне қол жеткізу үшін сабақты жобалау кезінде мұғалім өзінің не істейтіні туралы емес («мен түсіндіремін», «қайталаймын», «мен сұраймын»), ең алдымен әрбір әдіс пен тәсіл барысында оқушылардың не істейтіні туралы ойлауы қажет.

Сабақты жоспарлаудың мұндай тәсілдемесі мұғалімнің қамқорлығымыздағы оқушыларға пайдасы аз болатын білімнің негізгі көзі рөлін емес, оқу үдерісін ұйымдастырушының рөлін жүзеге асыруына ықпал етеді.

Сабақтардағы *көрнекі құралдар* туралы ерекше айту қажет. Олар эмоционалды (ойын-сауық) фон ретінде емес, зияткерлік компонентті ынталандыруы керек.

Кез келген сурет, схема, кесте белгілі бір дидактикалық міндетті шешуі тиіс. Мұғалім әрқашан белгілі бір материалды нақты не үшін қолданатындығы туралы сұраққа жауап бере алуы керек. Мысалы, зерттелетін объектінің визуалды бейнесін бекіту немесе оқушылардың ауызша айтуын белсендіру.

Көрнекі құралдарды көрсету кезінде:

- оқушылардың алдына нақты тапсырма беру;
- оқушыларға оны орындауға уақыт беру;

- оқушылардың назарын дұрыс бағытқа бұру үшін бірқатар сұрақтар қою;

- қажет болса, қарастырылып отырған объектіні түсіндіру;
- сөздік жұмыс жүргізу;
- оқушылардың жауаптарын (әңгімелерін) тыңдау.

Интеллектуалды дамымаған балалар үшін схемалық жоспардың көрнекілігі, яғни оқушылардың көз алдында біртіндеп салынатын объектіні, затты, сызбаларды кезең-кезеңімен қайта жасайтын суреттер қолайлы.

Бұл түрдің көрнекілігі сізге:

- балалардың ойлау қызметінің аналитикалық және синтетикалық процестерінің ақауларын жеңуге;
- оларды бөлшектер мен бүтінді көруді үйретуге;
- бірлік пен бүтіннің байланысын, сондай-ақ т.б. түсінуге мүмкіндік береді.

Оқушылар тіпті күрделі объектілерді, егер бұл сюжет, фрагмент олардың көз алдында мағыналық бөліктерден құралса, талдауды оңай орындай алады.

Көрнекілікті пайдалану кезінде сабақтың түрін де ескеру қажет. Жаңа материалды меңгеру сабағында сурет көрнекілігі қолданылады, бекіту сабағында – кесте, жалпылау сабағында минималды көрнекілік қолданылады немесе мүлдем қолданылмайды.

Осылайша арнайы мектепте сабақты тиімді жоспарлау шарттары – бұл:

- сабақтың мақсаттарын нақты қою;
- оның құрылымы мен кезеңдерінің сабақтастығын анықтау;
- бірнеше талдағышқа сүйене отырып әдістерді таңдау және олардың ұтымды комбинациясын (реттілігін) анықтау;
- көрнекіліктің дидактикалық функциясын түсіну;
- мұғалімнің ұйымдастырушылық рөлі.

Сабақтың түзету тапсырмаларын нақты жазу керек, сіз сөйлеуді, есте сақтауды, зейінді, ойлауды түзету деп жаза

алмайсыз, бұл іс жүзінде мүмкін емес. Мысалы, зейіннің бөлінуін түзету және дамыту тапсырмаларға жоспар бойынша жұмыс жасау кезінде, пәндік ойлауды дамыту тақырыптың басында, ауызша-логикалық ойлауды түзету соңында қосылады.

Бір сабақ барысында барлық психикалық процестерді бір уақытта түзету мүмкін емес. Сонымен қатар, оқу пәнінің өзі, сабақтың мазмұны сабақта қандай талдағыштар ең көп қатысатындығын анықтайды, бұл өз кезегінде мұғалімді нақты жоғары психикалық функцияларды белсендіруге бағыттауы тиіс.

Мысалы, сабақта мәтінді есте сақтау және оны жаңғырту қабілеті қажет. Сонымен, оқушылардан зейін қою мен жинақталу талап етіледі, сондықтан түзету жұмыстары қабылдау мен көру арқылы есте сақтауға бағытталуы мүмкін.

Осылайша түзету міндеті өте нақты және осы сабақ барысында барынша іске қосылатын психикалық функцияларды белсендіруге бағытталған болуы тиіс, яғни оқу ақпараты олардың белсенді жұмысы арқылы алынып, өңделеді. Оқу ақпаратының жұмыс арналары арқылы түсуі үшін бұл арналарды «тазарту», олардың жұмыс істеу деңгейін тексеру қажет, осылайша өздігінен күрделі болып табылатын ақпараттың бұғатталған немесе нашар жұмыс істейтін жолдар арқылы берілу нұсқасын болғызбау қажет.

Мысалы, жаратылыстану сабағы оқушылардан есту және көру талдағышының жақсы жұмыс істеуін талап етеді, өйткені олар арқылы ақпараттың негізгі бөлігі келеді.

Ұсынылған жаттығулар көру арқылы қабылдауды да, есте сақтауды да, логиканы да жұмылдырады.

1-нұсқа.

Тану және ара қатынасын белгілеуге арналған жаттығулар негізінде есту қабілетін түзету.

1. Тыңдаңыз, ретін есте сақтаңыз және адам денесінің бөліктері бейнеленген суреттерді аталатын ретпен

орналастырыңыз (сегіз сурет беріледі, олардың тек бесеуі қажет).

2. Жұмбақтарды шешу және олар бейнеленген суреттерді таңдау.

Менің қандай тынысалу мүшесі туралы айтып тұрғанымды табындар, сол мүшені тауып, оны атаңдар және жауаптарыңды дәлелдеңдер.

2-нұсқа.

Алынған білімді бекітудегі жаттығулар негізінде ойлау логикасын түзету.

1. Әрқайсыларыңда конверт бар, оның ішіндегісін алып шығындар. Сөздер жазылған тақтайшаларды екі бағанға (сүт, ақуыз, ет, май, көмірсулар) орналастырындар.

Азық-түлік өнімдері

Қоректік заттар

3-нұсқа.

Тану мен ажыратудағы жаттығулар негізінде көру арқылы қабылдауды түзету.

Тақтаға жазылған сөздер

Өкпе Асқазан Ішек Өңеш	Тері Тырнақ Шаш Құлақ	Бассүйек Омыртқа Жүрек Қабырға
---	--	---

2. Әр бағаннан артық сөзді табыңыз. Неліктен артық?

3. Неліктен бұл сөздер бір бағанға біріктірілген?

Жоғарыда келтірілген мысалдар тек бір сабақ үшін бірнеше нақты түзету жаттығуларын таңдауға болатындығын көрсетеді. Әрине, олар оқу дағдыларын дамытуға да бағытталған, бірақ, ең алдымен, бұл белгілі бір психикалық функ-

циялардың максималды белсенділігін көздейтін қарқынды тапсырмалар.

Тәрбиелік міндет келесідей болуы мүмкін: оқуға деген ынтаны тәрбиелеу. Дәл осы міндетті мұғалім шешуі керек және баланың білім алуына ықпал етуге бағытталуы тиіс.

Дәстүрлі тұжырымдар: «табиғатқа ұқыпты қарау», «мұқияттылық», «табандылық» және басқалар сабақ барысында мұғалімнің ұстанымына, оның жеке басына байланысты жүзеге асырылады.

Оқу үдерісінде оқушылардың оқуға деген ынтасы үлкен мәнге ие.

Оқуға ынталандыру қағидасы – тапсырмалар, жаттығулар және т.б. оқушыға қызықты болуы керек. Бүкіл оқытуды ұйымдастыру оқушының іс-әрекетке ерікті түрде қосылуына бағытталуы тиіс.

Ол мұны істегісі келетіндей жағдай жасалуы керек, ол үшін жасөспірімге шығармашылық, проблемалық және шамасы жететін тапсырмалар беру өте маңызды.

Мұғалім үнемі қолданатын «Оқулықтың ...бетін ашыңдар...», «Мені мұқият тыңдаңдар. Мен сендерге түсіндіремін ...», «Жазуға дайындалыңдар ...» деген сияқты бір сарынды нұсқаулар беру оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге шақырмайды. Олар, әрине, оқу үдерісіне қосылады, бірақ бұл қосылу механикалық сипатта болғандықтан, баланың психикалық дамуының терең процестеріне әсер етпейді. Ал біз тапсырмаларды орындау барысында оқушының психикалық функциялары белсенді жұмыс істеуіне және сол арқылы функцияаралық қатынастың дамуына қол жеткізуіміз керек, оның негізінде интеллектуалды артта қалған баланың дамуының айналма жолы қалыптасады.

Төмендегілердің көмегімен оқуға деген ынтаны арттыруға болады:

- жаңа қызықты тапсырмаларды әзірлеу;
- мұғалім нұсқауларының ойластырылуы мен нақтылығы;

- бағалаудың маңыздылығын арттыру (бұл, екіншіше орай, дидактикалық рөлін жоғалтқан);

- оқушының мүмкіндіктерін ашатын және ол өзінің қабілеттеріне сенетін оқу жағдайын жасау.

Жасөспірімде оқуға деген ынта көптеген факторлардан қалыптасады:

- мұғалімнің жеке тұлғасы;
- ақпарат беру жүйесі;
- әр оқушының іс-әрекетіне мұғалімнің нақты назар аударуы және осы іс-әрекетке сәйкес бағалау;
- оның оқудағы тәртібінің әлеуметтік маңызы және т. б.

Сабақтарымызда оқушыларға қызық болу үшін не істеуге болады?

Бұл арнайы күш-жігерді қажет етеді деп айтуға болмайды, тек сабақты жоспарлау кезінде, белгілі бір әдісті немесе тәсілді қолдану кезінде өзіңізге: «Бұл менің оқушыларыма қызық бола ма?» деген сұрақ қою жеткілікті.

Психикалық және физикалық дамудың кемшіліктерін түзетудің тиімділігі мектептегі бүкіл оқу-тәрбиелеу процесінің дұрыс қалыптасуына және оқытудың өзіндік әдістері мен оқыту құралдарын қолдануға байланысты.

Оқу мотивациясын арттыру үшін тапсырмалар ретінде біз оқушылардың шығармашылық қызметін, олардың білімдерін жаңа жағдайда қолдануын талап ететін *ситуациялық тапсырмаларды* қолдануды ұсынамыз.

Ситуациялық тапсырмалар – бұл нақты өмірлік жағдайды немесе фактіні сипаттауға негізделген оқу тапсырмалары.

Мұндай тапсырмада дәстүрлі нөмір емес, оның мағынасын көрсететін әдемі атау бар. Тапсырманың міндетті элементі – проблемалық сұрақ, ол оқушы оған жауап тапқысы келетіндей етіп тұжырымдалған.

Ситуациялық тапсырманың моделі мынадай:

- 1) тапсырма атауы;

2) тұлғалық маңызды танымдық сұрақ;

3) осы мәселе бойынша әртүрлі ұсынылған ақпарат (мәтін, кесте, иллюстрация және т.б.);

4) осы ақпаратпен жұмыс істеуге арналған тапсырмалар.

Сонымен қатар ситуациялық тапсырманы әзірлеу кезінде келесі факторларды ескеру қажет:

- ситуациялық тапсырма үшін оқушылардың назарын аударатын тақырыптарды алу керек;

- ситуациялық тапсырма өзекті болуы тиіс;

- тапсырмада әртүрлі эмоциялардың (аяушылық, таңданыс, қуаныш, ашу және т. б.) көрінісін ынталандыратын нақты жағдай ұсынылуы маңызды;

- ситуациялық тапсырмаларды жасай отырып, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет;

- ситуациялық тапсырманың негізінде жатқан мәселе оқушыға түсінікті болуы және оны шеше алатындай болуы керек.

Мұндай тапсырмалар белсенді қызығушылық тудырады, оларды барлық оқушылар талқылайды, бірақ, әдетте, бірінші топ оқушылары дұрыс жауап береді.

Ситуациялық тапсырмаларды «Адам» курсының кез келген түріндегі сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады.

1-мысал.

Тапсырманың мақсаты оқушылардың ас қорыту процесін түсінуі болып табылады.

Миша кростың алдында жүгіруге қажетті күш береді деген үмітпен тамаққа тойып алды. Алайда жүрегі айнып құсқысы келгендіктен, жүгіру алаңынан кетуге мәжбүр болды. Себебі не?

2-мысал.

Тапсырмалар гигиенаны сақтамау салдарына назар аударуы мүмкін.

Фарида Валиевна дәрігердің қабылдауынан ашуланып шықты:

– Менің бүйрегім ауырады! Ал дәрігер маған тісім мен ангинамды емдеуге кеңес берді.

Фарида Валиевнаны емдеуші дәрігердікі дұрыс па? Неліктен дәрігер оған тісін емдеуге кеңес берді?

3-мысал.

Ситуациялық тапсырма бағалау сипатында болуы мүмкін, ал оқушы мәселені бағалауға және шешуге қатысады:

«Денешынықтырумен үнемі айналысатын мектеп оқушыларының жақсы оқитыны оқу жылының соңында анық байқалады. Олардың үлгерімі 7-8%-ға артады, ал денені жаттықтырумен айналыспайтын оқушыларда 2-3%-ға төмендейді». Мұның себебі не? Гиподинамиямен қалай күресуге болады? Оқушылардың гиподинамия мәселесін шешу жолдарын ұсыныңыз.

4-мысал.

«Өмір қымбат па, шылым ба?» ситуациялық тапсырмасын пайдалану арқылы №67 қайталау сабағының фрагменті.

Мұғалімнің әңгімесін тыңдаңдар.

Көптеген елдерде жүргізілген зерттеулер темекінің денсаулыққа қауіпті екенін дәлелдеді. Темекі шегу қауіпті. Ол өлімге апарады, әрине, бірден емес, баяу, әрбір бөлек жасушалар арқылы.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, темекі шегумен байланысты туындайтын аурудан әр 6,5 секунд сайын планетада бір адам қайтыс болады. Әр темекі шылым шегушінің өмірін 5-6 минутқа қысқартады. Күніне 10 немесе одан да көп темекі шегетін адам өз өмірін шамамен 6 жылға қысқартады.

Ал Л.Н. Толстой «Жастық шақ» повесінің кейіпкері Николеньканың алғаш рет шылым шекеннен кейінгі әсерін былай жеткізген:

«...Диванға құлай бергенім сол еді, жүрегім айнып, әлсіреп кеткенім соншалық, біткен жерім осы, ажалым темекіден болды-ау, – деп ойладым».

– Кейіпкердің күйін қалай түсіндіре аласыз?

– «Темекі түтінінің құрамы» плакатын қараңдар. Темекінің құрамында пайдалы заттар бар ма?

– Оқулық мәтіндерін пайдалана отырып, шылым шегетін адам ауруларының даму болжамын жасаңдар.

1) «Темекі шегудің ішкі ағза жүйелеріне әсері» кестесін толтырыңдар (күрделіліктің жоғары деңгейі).

Жүйелер	Әсері (аурулар)
Жүйке	
Тыныс	
Қантамыр	
Несеп-жыныстық	
Асқорыту	
Көбею	

2) Жетіспейтін сөздерді қойып, жазыңдар (күрделіліктің орташа деңгейі).

Шылым шеккіштердің шылым шекеннен кейін қантамырлары тарылады. Бұл ... жүйесінің тез қартаюына әкеледі. Қантамырлардың тарылуы ... ауруын тудырады. Жоғары қан қысымы ... , ... , ... сияқты әртүрлі ағзалардың қанайналымын бұзады.

Анықтама үшін сөздер: жүрек, бүйрек, ми, гипертония, қантамырлар.

3) Қажетті сөздерді таңдап, жазыңдар (төмен деңгейлі күрделілік).

Темекі шегу жүрекке (зиян / зиян емес)

Темекі шегу сіздің деміңізді (тазартады/ тазартпайды).

– Қосымша ақпаратты тауып, темекі шегудің зияны туралы презентация жасаңдар (жоғары деңгейлі күрделілік).

– Темекі шегумен күресу бойынша өз тәсілдеріңді ұсын.

– Тыңдап, қорытынды жаса. Өз көзқарасыңның дұрыстығын дәлелде (жоғары деңгейлі күрделілік).

Жасөспірімдер шылым шегіп бастағанда, өздерін есейген, «заманауи» санайды. Бірақ қазіргі уақытта бұл «заманауилыққа» жатпайды. Қазіргі жастар салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылданғанды жөн көреді. Ал сенің ойыңша, темекі шегу «заманауилыққа» жата ма?

Ситуациялық тапсырманың ерекшелігі – бұл практикаға бағытталған сипатқа ие, бірақ оны шешу үшін нақты пәндік білім қажет.

Практикаға бағытталған тапсырмаларды орындау кезінде шағын топтардың жұмысын пайдалану тиімді. Бұл ынтымақтастық, жауапкершілік және ұжымда жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады.

Арнайы білім беру ұйымдарының мұғаліміне арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар

**Пән: Жаратылыстану. Адам. 9-сынып
Барлығы: 68 сағат, аптасына 2 рет**

№ р/с	Сабақтардың тақырыбы	Оқудың мақсаттары	Сағат саны	Мер-зімі	Ес-керту
I тоқсан, 18 сағат					
Адам – тірі табиғат бөлігі					
1	Кіріспе. Адамның денсаулығы	<ul style="list-style-type: none"> - Адамның денсаулығы оның басты байлығы екенін түсіну; өзінің денсаулығына жауапкершілікпен қарау. - Адам ағзасын зерттейтін ғылымдар (анатомия, физиология, гигиена) туралы білу. - Адамның пайдалы әдеттерін атау және сыйлау: шынықтыру, дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану; зиянды әдеттерін атау және мінеу: артық тамақ жеу, гиподинамия, маскүнемдік, нашақорлық, токсикомания. - Адам ағзасы мен қоршаған орта байланысы туралы өңімелеу; адам денсаулығының қоршаған орта жағдайына тәуелділігін түсіндіру; адамдардың табиғаттағы өз тәртібі үшін жауапкершілігін түсіну. 	1		
2	Адам және басқа сүтқоректілер	<ul style="list-style-type: none"> - Адам – тірі табиғат бөлігі. - Адамдар мен жануарлардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атау. 	1		

Адам ағзасының жалпы ерекшеліктері			
3	Дене жасушалары мен тілдерінің құрылымы	<ul style="list-style-type: none"> - Жасушаның негізгі құрылымдық бөліктерін атау. - Жамылғы, дәнекер, бұлшықет пен жүйке тіндерін тану және атау. 	1
4	Зертханалық жұмыс	<ul style="list-style-type: none"> - Микроскоптың қолданысын түсіну. - Мұғалімнің басшылығымен микроскопты пайдалану, оның қолданысын білу. 	1
5	Адам мүшелері, мүшелер жүйесі	<ul style="list-style-type: none"> - Адамның дене мүшелері мен мүшелер жүйесін атау. - Адамның дене мүшелері мен мүшелер жүйесінің өзара байланысын түсіну. - Адам ағзасының тұтас бір бүтін екенін түсіну. 	1
Тірек және қимыл			
6	Адамның қаңқасы. Сүйектің құрамы мен құрылысы	<ul style="list-style-type: none"> - Тірек-қимыл аппараты, оның құрылысы мен маңызы, негізгі қызметтері туралы айту. - Сүйектің құрылысы мен құрамы туралы айту. - Сүйек түрлері мен олардың қызметтері туралы айту. 	1
7	Сүйектердің өзара байланысы	<ul style="list-style-type: none"> - Сүйектердің байланысу тәсілдерін түсіну. - Буындардың құрылысы туралы айту. 	1
8	Бас қаңқасы	<ul style="list-style-type: none"> - Бас қаңқасы туралы әңгімелеу. - Бассүйектің бөліктерін тану және олардың маңызы туралы айту. - Бассүйектің сүйектерінің бір-бірімен бірігуі туралы айту. 	1

9	Адамның қаңқасы	<ul style="list-style-type: none"> - Адамның қаңқасы туралы айту. - Омыртқаның бөліктерін тану және олардың маңызы туралы айту. - Омыртқа құрылысын сипаттау. - Кеуде қуысының құрылысын сипаттау, оның маңызы туралы айту. 	1	
10	Аяқ-қол қаңқасы	<ul style="list-style-type: none"> - Аяқ-қол сүйектерін атау. - Аяқ-қол сүйектерінің құрылысын сипаттау. - Олардың ерекшеліктерін түсіндіру. 	1	
11	Сіңір созылғанда, буын шыққанда және сүйек сынғанда көрсетілетін алғашқы көмек	<ul style="list-style-type: none"> - Тірек-қимыл аппаратының жарақаттануын атау және ажырату. - Алғашқы жәрдем алгоритмі туралы айтып беру. 	1	
12	Сіңір созылғанда, буын шыққанда және сүйек сынғанда көрсетілетін алғашқы көмек. Практикалық жұмыс	<ul style="list-style-type: none"> - Сыртқы түрі, сурет бойынша жарақат түрін анықтау. - Оқулықтағы ақпараттарды пайдалана отырып, алғашқы жәрдем көрсету жоспарын құру. - Алғашқы жәрдем көрсету тәсілдерін орындау. 	1	
13	Адам тұлғасындағы бұлшықеттер. Олардың маңызы	<ul style="list-style-type: none"> - Бұлшықеттерді құрылысы мен қызметтері бойынша ажырату. - Бұлшықеттерді олардың ағзада орналасуы бойынша ажырату. - Бұлшықеттердің құрылысы және басты қасиеттері туралы айтып беру. 	1	

14	Бұлшықеттердің негізгі топтары	<ul style="list-style-type: none"> - Адам денесіндегі бұлшықеттердің негізгі топтарын атау және ажырату. Бұлшықеттердің негізгі топтарының қызметтері туралы айтып беру. 	1	
15	Бұлшықеттің қызметі. Бұлшықеттің қажуы	<ul style="list-style-type: none"> - Бұлшықеттердің бөліктері және оның жұмысы туралы айтып беру. - Бүгу бұлшықеттері мен жазу бұлшықеттерін ажырату. - Бұлшықеттердің құрылысы мен пішінін олардың орын-дайтын жұмыс түріне тәуелділігін түсіндіру. - Жұмыс түрін кезектестіруді және бұлшықетке демалыс беру қажеттілігі туралы еңгімелеу. 	1	
16	Мүсін. Омыртқа жотасының қисаюы. Жалпақтабандылық	<ul style="list-style-type: none"> - Мүсіннің дұрыс болуының адам денсаулығы үшін маңызын түсіну. - Мүсін жағдайының қаңқа сүйектері мен қаңқа бұлшықеттерінің жағдайына тәуелділігін түсіндіру. - Мүсіннің бұзылуы, жалпақтабандылықтың туындау себептерін түсіндіру. - Омыртқаның қисаюының алдын алу тәсілдері мен мүсіннің бұзылуын түзету тәсілдерін атау. - Мүсіннің бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу-дың маңызын түсіну. - Мүсіннің бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу-ға арналған жаттығуларды көрсету. 	2	
17				
18	Қайталау және қорытындылау	<ul style="list-style-type: none"> - Адам ағзасының бөліктерін атау және көрсету. - Тірек-қимыл жүйесінің қызметі туралы айту. - Тірек-қимыл жүйесінің жарақаттары туралы айту. - Жарақаттану кезіндегі алғашқы жәрдем тәсілдерін көрсету. 	1	

II тоқсан, 14 сағат

19	Тұлға қаңқасы мен бұлшықеттерінің дұрыс қалыптасуы үшін денешынықтыру жаттығуларының маңызы	- Қимыл-қозғалыс белсенділігінің қаңқа мен бұлшықеттерді дамыту және нығайту үшін маңызын түсіну.	1
Қан және қанайналым			
20	Қанның маңызы. Қанның құрамы	- Қанның маңызын түсіну. - Қанның құрамы туралы білу. - Қанның жасушаларын тану және оның маңызын атау. - Қан топтары, донорлық туралы білу. - Имунитеттің маңызын білу.	1
21	Қанайналым мүшелері. Тамырлар	- Қанайналым мүшелерін тану және атау. - Қантамырлардың атауын, олардың қолданысын білу.	1
22	Жүрек және оның жұмысы. Зертханалық жұмыс. Тамыр соғу жиілігін анықтау	- Жүректің құрылысы мен жұмысы туралы айту. - Тамыр соғуының жиілігін анықтау және нормамен салыстыру.	1
23	Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері	- Қанның адам ағзасындағы қанайналым шеңбері бойымен қозғалу үдерісін түсіну. - Қуретамыр мен көктамырдың айырмашылығын түсіну.	1

24	Жүрек және қан тамыры аурулары, олардың алдын алу	<ul style="list-style-type: none"> - Кейбір жүрек-қантамыр ауруларын, олардың себептерін және алдын алу тәсілдерін атау және сипаттау. - Алкоголь ішімдігінің, есірткінің адамның жүрегі мен қантамыры үшін жағымсыз әсерін түсіну. 	1	
25	Қан кеткенде көрсетілетін алғашқы жәрдем	<ul style="list-style-type: none"> - Қанаудың, қан кетудің түрлерін, оларға тән ерекшелік белгілерін ажырату. - Өртүрлі қан кету кезінде көрсетілетін алғашқы көмек тәртібін атау. - Қантамырларының жарақаттарын атап беру. - Өртүрлі қан кету кезіндегі алғашқы көмек тәсілдерін көрсету. 	1	
26	Қан кеткенде көрсетілетін алғашқы жәрдем. Практикалық жұмыс	<ul style="list-style-type: none"> - Қан кетудің өртүрлі жағдайында алғашқы көмек тәсілдерін орындау. - Алғашқы көмек көрсетудің алгоритмін атау. 	1	
Тыныс алу				
27	Тыныс алудың маңызы. Тыныс-алу мүшелері	<ul style="list-style-type: none"> - Тыныс алудың маңызы туралы айту. - Тынысалу мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттау. Тынысалу мүшелерін атау. 	1	
28	Өкпедегі және тіндегі газ алмасу	<ul style="list-style-type: none"> - Тынысалу қимылдарының мәнін, өкпе мен тіндердегі газ алмасу үдерісін түсіну. 	1	
29	Тынысалу гигиенасы	<ul style="list-style-type: none"> - Ауаның ластану факторларын туралы айту. - Ауаны қорғау тәсілдері туралы. 	1	

30	Тынысалу мүшелерінің аурулары	<ul style="list-style-type: none"> - Тынысалу мүшелерінің салқын тию және инфекциялық аурулары туралы, олардың ерекшеліктері мен олардың алдын алу шаралары туралы айту. - Никотиннің тынысалу мүшелеріне тигізетін жағымсыз әсерлерін атау. 	1	
Асқорыту				
31	Тамақтанудың маңызы. Тамақ өнімдері	<ul style="list-style-type: none"> - Тамақтанудың ағзаның тіршілігі үшін қажетті талап екенін түсіну. - Өсімдіктекті және жануартекті тағам өнімдерін сипаттау. 	1	
32	Қайталау және қорытындылау	<ul style="list-style-type: none"> - Қанайналу, тынысалу мүшелерін атау. - Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері туралы айту. - Қанау, қан кету түрлерін атау және алғашқы көмек көрсету. 	1	
III тоқсан, 20 сағат				
33	Кенеулі заттар	<ul style="list-style-type: none"> - Негізгі кенеулі заттарға (ауыз, май, көмірсулар) сипаттама беру. - Тамақ өнімдерін, олардың құрамын атау. 	1	
34	Дәрумендер	<ul style="list-style-type: none"> - Дәрумендердің ағза үшін маңызын түсіну. - Тамақ өнімдеріндегі дәрумендерді сақтау тәсілдерін атау. 	1	
35	Асқорыту мүшелері	<ul style="list-style-type: none"> - Асқорытудың маңызын түсіну. - Асқорыту жүйесінің құрылысын сипаттау. - Асқорыту мүшелерінің жұмысы туралы айту. 	1	
36	Астың ауыз қуысында өзгеруі. Тістер	<ul style="list-style-type: none"> - Ауыз қуысындағы астың жағдайы мен асқорытудағы тістің рөлі туралы айту. 	1	

37	Тіс күтімі	- Ауыз қуысы мен тістің гигиенасының маңызын түсіну. - Ауыз қуысы мен тістің гигиенасының тәсілдерін атау және көрсету.	1	
38	Қарындағы астың өзгеруі	- Астың қарында қорытылу үдерісін, асқорытудағы қарын сөлінің рөлін түсіну.	1	
39	Астың ішекте қорытылуы. Бауыр	- Ішектегі асқорыту үдерісін сипаттау. - Кенеулі заттардың қанға сіну үдерісі. - Асқорыту үдерісіндегі бауырдың және ұйқы безінің рөлін түсіну.	1	
40	Тамақтану гигиенасы	- Адамның тамақтану гигиенасы мен мөлшері туралы айту.	1	
41	Асқорыту жүйесі ауруларының алдын алу	- Асқазан-ішек ауруларын және олардың алдын алу тәсілдерін атау. - Алкоголь ішімдігі мен шылым шегудің асқорыту мүшелеріне жағымсыз әсер етуін түсіну.	1	
42	Инфекциялық аурулар мен ішекқұрттарды жұқтырудың алдын алу	- Жұқпалы және құрт ауруларының себептерін және олардың алдын алу тәсілдерін атау.	1	
43	Астан улану	- Астан уланудың себептерін және олардың алдын алу тәсілдерін атау.	1	
Зершығару жүйесі				
44	Бүйрек – шығару мүшесі	- Заталмасу өнімдерінің ағзадан шығарылуының маңызы туралы айту.	1	

		<ul style="list-style-type: none"> - Зәршығару жүйесінің мүшелерін атау. - Несептің құрылу үдерісін түсіну. - Бүйректің сыртқы түрін, олардың ағзада орналасуын сипаттау. 		
45	Бүйрек ауруларының алдын алу	Бүйрек аурулары мен олардың алдын алу тәсілдерін атау.	1	
Тері				
46	Тері және оның адам өміріндегі рөлі	<ul style="list-style-type: none"> - Терінің құрылысының ерекшеліктері мен оның маңызы туралы айту. - Терінің жылуды реттеу үдерісіндегі рөлін түсіну. 	1	
47	Тері аурулары. Олардың алдын алу	<ul style="list-style-type: none"> - Тері ауруларын, ауру себептерін атау. - Тері ауруларының алдын алу туралы айту. - Тері гигиенасы ережелерін атап айту. 	1	
48	Тырнақ. Тырнақ күтімі	<ul style="list-style-type: none"> - Тырнақтың құрылысы туралы айту. - Тырнақ аурулары және олардың туындау себептері туралы айту. - Тырнақ күтімі туралы айту. - Гигиеналық маникюрді орындау техникасы мен тәртібін көрсету. 	1	
49	Шаш. Шаш күтімі. Практикалық жұмыс	<ul style="list-style-type: none"> - Шаштың құрылысы, шаштың түрі туралы айту. - Шаш күтімі ережелерін айту. 	2	
50		Шаш күтіміне арналған құралдарды шаштың түріне сәйкес таңдау.		

51	Адам ағзасын шынықтыру	- Ағзаны шынықтыру тәсілдерін атап айту. - Күнмен, сумен, ауамен шынығу ережелерін атау.	1	
52	Қайталау және қорытындылау	- Мүшелер жүйесін және жүйе мүшелерін атау. - Асқорыту кезеңдерін атау. - Зәршығару жүйесінің қызметі туралы айту.	1	
IV тоқсан, 16 сағат				
53	Ыстық және күн өткенде көрсетілетін алғашқы көмек	- Ыстық және күн тию белгілерін атау. - Олардың алдын алу тәсілдерін атау.	2	
54	Тілетін алғашқы көмек	- Ыстық және күн тиген кезде көрсетілетін алғашқы жәрдем тәртібін атау. - Алғашқы көмек көрсету тәсілдерін орындау.		
55	Тері күйгенде, үсігенде көрсетілетін алғашқы көмек	- Күйю, үсу белгілерін атау. - Олардың алдын алу тәсілдерін атау. - Күйген, үсіген кездегі алғашқы көмек көрсету тәртібін атау. - Алғашқы көмек тәсілдерін көрсету.	1	
Жүйке жүйесі				
56	Ми және жұлын	- Жүйке жүйесінің маңызын түсіндіру. - Жүйке жүйесінің құрылысы туралы айту. - Мидың құрылысы мен маңызын сипаттау. - Жұлынның құрылысы мен маңызын сипаттау.	1	
57	Жүйкелер	- Рефлектор доғасының құрылу үдерісін, рефлекстің туындау себепін түсіну.	1	
58	Жүйке жүйесінің маңызы мен гигиенасы	- Ағзаның жүйке жүйесінің жағдайына тәуелділігін түсіну. - Күн тәртібінің, ұйқының жүйке жүйесі үшін маңызы туралы айту.	1	

		- Ағза жағдайының жүйке жүйесінің жағдайына тәуелділігін түсіну.		
Сезім мүшелері				
59	Сезім мүшелері және олардың маңызы. Көру мүшесі	- Сезім мүшелерінің адам өмірі мен еңбегі үшін маңызын түсіндіру. - Сезім мүшелерінің ауруларының алдын алу тәсілдерін атау. - Көру мүшесінің құрылысы мен қызметі туралы айту.	1	
60	Көз қызметінің бұзылуы және гигиенасы	- Алыстанкөргіштік пен жақыннанкөргіштік туралы сипаттама беру. - Көру қызметін сақтаудың қарапайым гигиеналық ережелерін атау. - Көз зақымдалғандағы алғашқы көмек тәсілдерін атау және көрсету.	1	
61	Есту мүшесі	- Есту мүшесінің құрылысы мен маңызы туралы айту. - Дыбысты қабылдау үдерісін түсіну.	1	
62	Есту мүшесінің гигиенасы	- Есту қызметінің бұзылу себептерін атау. - Есту мүшелерінің ауруларының алдын алу шараларын атау.	1	
63	Сипап сезу, иіс және дәм сезу мүшелері	- Сезіну, иіс сезу және дәм сезу мүшелерінің құрылысы, қызметі және гигиенасы туралы айту.	1	
Адамның көбеюі және дамуы				
64	Адамның көбею мүшелері	- Ер адам мен әйел адамның ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері туралы айту. - Ұрықтану, жүктілік ерекшеліктерін түсіну. - Отбасын жоспарлау туралы айту.	1	

65	Жыныс мүшелерінің инфекциялық аурулары. Олардың алдын алу	<ul style="list-style-type: none"> - Жүктілікті болдырмаудың заманауи тәсілдерін атау. - ЖЖЖИ-ді және оның туындау себептерін атау. - ЖЖЖИ-мен аурудың алдын алу шараларын атау. 	1	
Денсаулықты қорғау				
66	Қазақстан Республикасындағы денсаулықты сақтау мекемелер жүйесі	<ul style="list-style-type: none"> - ҚР денсаулықты қорғау жүйесі туралы айту. - Медициналық мекемелер мен медициналық көмек түрлерін атау. - ҚР әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі туралы айту. 	1	
67-68	Қайталау және қорытындылау	<ul style="list-style-type: none"> - Мүшелер жүйесі, мүшелер туралы айту, осы мүшелерді емдейтін дәрігерлердің мамандықтарын атау. - Ауру белгілерін және олардың алдын алу шараларын атау. - Алғашқы көмек көрсету тәсілдерін көрсету. 	2	

ОҚУ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

«Адам – тірі табиғат бөлігі» бөлімінің технологиялық картасы

Сағат саны	2 сағат
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)	<p>1. Адам – тірі табиғат бөлігі екенін түсіну, адам мен жануарлардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атау.</p> <p>2. Адам денсаулығы – оның ең маңызды байлығы екенін түсіну; өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау.</p> <p>3. Адамның пайдалы әдеттерін атау және құрметтеу: шынығу, дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану; жаман әдеттерді атау және айыптау: артық тамақтану, гиподинамия, алкогольизм, шылым шегу, нашақорлық, есірткіге тәуелділік.</p> <p>4. Адам ағзасы мен қоршаған орта арасындағы байланыс туралы айту; адам денсаулығының қоршаған орта жағдайына тәуелділігін түсіндіру; адамдардың табиғаттағы өз мінез-құлқы үшін жауапкершілігін түсіну.</p>
Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті	Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелерін білу және сақтау.
Негізгі ұғымдар	Анатомия, физиология, гигиена. Сөйлеу, ойлау, аяқ-қол.
Жабдықтар	Оқулық, жұмыс кітабы, адам қаңқасы, сүтқоректілердің қаңқасы.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ КАРТАСЫ

«Адам – тірі табиғат бөлігі» бөлімі

Оқушының аты-жөні
Аңғарым _____

Туған жылы _____

сыныбы _____

Күтілетін нәтижелер		«+» – меңгерді, «-» – меңгермеді, «0» – жар- тылай меңгерді
Күрделіліктің тө- менгі деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Адамның басқа сүтқоректілерден ерекше белгілерін атайды. – Табиғатқа ұқыпты қарау туралы сұрақтарға жауап береді. – Пайдалы және жаман әдеттерді ажыратады және атайды. 	
Күрделіліктің орташа деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Адам – тірі табиғаттың бөлігі екенін түсінеді. – Адамның басқа сүтқоректілерден ерекшелігін біледі. – Қоршаған ортаны қорғау үшін адамның жауапкершілігін түсінеді. – «Салауатты өмір салты» ұғымын, зиянды әдеттердің адам денсаулығына әсерін түсінеді. 	
Күрделіліктің жоғары деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Адамды зерттеумен айналысатын ғылымдар туралы біледі (анатомия, физиология, гигиена). – Сүтқоректілер мен адамдарды жетекші белгілері бойынша салыстырады. – Адамның өмір салты мен денсаулығы арасындағы негізгі өзара байланысты белгілейді. 	
Қорытынды және ұсынымдар		

«Адам ағзасының жалпы ерекшеліктері» бөлімінің технологиялық картасы

Сағат саны	3 сағат
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жасушаның негізгі құрамдас бөліктерін атау; жасушаның химиялық құрамын сипаттау. 2. Жабын, бұлшықет, жүйке, дәнекер тінін білу және атау. 3. Адам ағзалары мен дене қуысы жүйелерін атау; адам ағзасы біртұтас екенін түсіну.
Зертханалық жұмыс	Микроскоптың құрылымы, жасуша құрылымы туралы түсінік болу.
Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті	Тәжірибелер мен практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде санитарлық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік ережелерін, өз жұмыс орнын ұйымдастыру ережелерін білу және сақтау; ұқыпты жұмыс істей білу, жабдыққа, құралдарға күтіммен қарау; берілген алгоритм бойынша жұмыстарды орындау.
Негізгі ұғымдар	Жасуша, жабын тін, дәнекер тін, бұлшықет тіні, жүйке тіні. Мүше, мүшелер жүйесі, ағза, дене қуысы, ішкі ағзалар.
Жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, адамның ішкі мүшелері мен қуыстары көрсетілген кеуде мүлжы, микроскоп, адамның негізгі тіндерінің микропрепараттары.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ КАРТАСЫ

«Адам ағзасының жалпы ерекшеліктері» бөлімі

Оқушының аты-жөні _____		Туған жылы _____	сыныбы _____
Аңғарым _____			
	Күтілетін нәтижелер		«+» – меңгерді, «-» – меңгермеді, «0» – жар-тылай меңгерді
Күрделіліктің төменгі деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Адамның кейбір мүшелерін атайды және көрсетеді. – Адам қуысын атайды. – Адамның тіршілік әрекетінің негізгі процестерін атайды. 		
Күрделіліктің орташа деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Адам ағзасындағы жасушалардың рөлін түсінеді. – Тіндердің түрлерін біледі және атайды. – Адам ағзалары мен дене қуыстарын атайды және көрсетеді. – Ағзаның тіршілік әрекетінің негізгі процестері туралы біледі. – Микроскоптың тағайындалымын түсінеді. 		
Күрделіліктің жоғары деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Жасушаның негізгі құрамдас бөліктерін, ағза тіндерін, тіндердің түрлерін таниды және ажыратады. – Адам ағзалары мен ағзалар жүйесі арасындағы байланысты түсінеді. – Бір қуыста орналасқан мүшелерді анықтайды. – Адам ағзасы біртұтас екенін түсінеді. – Мұғалімнің бақылауымен микроскопты қолдана алады, оның тағайындалымын біледі. 		
Қорытынды және ұсынымдар			

«Тірек және қимыл» бөлімінің технологиялық картасы

Сағат саны	14 сағат
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тірек-қимыл жүйесі, оның құрылымы мен маңызы туралы жалпы ақпаратты білу; сүйектердің бірігу жолын түсіну, буын құрылымы туралы айту. 2. Сүйектердің құрылымы мен құрамы туралы түсінікке ие болу; сүйек түрлерін, олардың функцияларын атау; сүйектердің өсуі туралы айту. 3. Бас қаңқасы туралы түсінікке ие болу; бас сүйегінің бөліктерін және олардың маңызын тану және атау; бас сүйегінің сүйектері қалай байланысатынын айту. 4. Дененің қаңқасы туралы түсінікке ие болу; омыртқа бөліктерін және олардың маңызын тану және атау; омыртқаның құрылымын сипаттау; кеуде қуысының құрылымын сипаттау және оның маңызы туралы айту. 5. Денені дұрыс ұстаудың адам денсаулығы үшін маңыздылығын түсіну; омыртқа қалпының бұзылуы туралы айту; омыртқаның қисаюының алдын алу тәсілдерін және омыртқа қалпының бұзылуын түзету тәсілдерін атау. 6. Аяқ-қол сүйектерін атау; тірек-қимыл аппаратының жарақаттық зақымдануларын атау; алғашқы көмек көрсету тәсілдерін айту және көрсету. 7. Бұлшықеттер, олардың құрылымы мен маңызы туралы жалпы мәліметтерді білу; адам ағзасындағы негізгі бұлшықет топтарын атау; бұлшықеттердің жұмысы туралы айту, қаңқа мен бұлшықеттерді дамыту және нығайту үшін қозғалыс белсенділігінің маңызын түсіну.
Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті	Жаратылыстану сабағында мінез-құлық ережелерін, жұмыс орнын ұйымдастыру ережелерін, тәжірибелер, практикалық жұмыстар жүргізу кезіндегі мінез-құлық ережелерін білу және сақтау.
Негізгі ұғымдар	Қаңқа, бассүйек, омыртқа, аяқ-қол. Сүйек қабығы, жілік, кемік сүйектер, жалпақ сүйектер. Қозғалмайтын қосылыстар, жартылай қозғалатын қосылыстар, қозғалатын қосылыстар (буындар).

	<p>Бассүйек қорабы, бассүйегінің бет бөлімі.</p> <p>Омыртқаның бөлімдері, омыртқалар, жұлын, қабырғалар, кеуде қуысы.</p> <p>Иық белдеуі, жауырын, бұғана, иық, білек, білезік.</p> <p>Жамбас белдеуі, жамбас сүйектері, құйымшақ, жамбас, жіліншік, табан.</p> <p>Сынық, буынның шығуы, буынның созылуы, таңғыш қапақ.</p> <p>Бұлшықеттер, ұзын бұлшықеттер, кең бұлшықеттер, қысқа бұлшықеттер, дөңгелек бұлшықеттер.</p> <p>Қаңқа бұлшықеттері, тегіс бұлшықеттер, жүрек бұлшықеттері.</p> <p>Бұлшықеттің жиырылуы, бұлшықеттің босануы.</p> <p>Бас бұлшықеттері, мойын бұлшықеттері, дене бұлшықеттері, аяқ-қол бұлшықеттері.</p> <p>Сіңірлер, иілгіш бұлшықеттер, жазғыш бұлшықеттер.</p> <p>Омыртқа қалпы, омыртқаның қисықтығы, жалпақтабан.</p> <p>Тірек-қимыл жүйесі, дене еңбегі, дене жаттығуы, спорт.</p>
Көрсетілген тәжірибелер	<p>Кальцийсіздендірілген және кальцийленген сүйектердің қасиеттері.</p> <p>Бұлшықеттерге статикалық және динамикалық жүктемелер.</p>
Практикалық жұмыс	<p>Бұлшықеттің құрылымы (шикі ет үлгісінде), бұлшықеттің қасиеттері туралы түсінік болу.</p> <p>Жарақат алған жағдайда дәрігерге дейінгі көмек көрсету (сүйектің сынуы, шығып кетуі, буындардың созылуы, соғып алу).</p> <p>Омыртқа қалпының бұзылуы мен жалпақтабанның алдын алу туралы айту.</p>
Жабдықтар	<p>Оқулық, жұмыс дәптері, адам қаңқасы, адамның бұлшықет жүйесі бейнеленген плакат, тәжірибе жүргізуге арналған жабдық: шикі ет бөлігі, гантель немесе салмағы 2 кг суы бар пластикалық бөтелке, сантиметрлік лента, таңғыш материал, мұз.</p>
Пәнаралық байланыстар	<p>Алған білімдері мен дағдыларын география, орыс тілі, еңбекке баулу сабақтарында, тұрмыста қолдану.</p>

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ ҚАРТАСЫ

«Тірек және қимыл» бөлімі

Оқушының аты-жөні Аңғарым	туған жылы	сыныбы
	Күтілетін нәтижелер	
<p>Күрделіліктің төменгі деңгейі</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Тірек-қимыл жүйесінің бөліктерін ажыратады (қаңқа, бұлшықеттер). – Қаңқаның бөліктерін атайды. – Омыртқа қалпының бұзылуының, жалпақтабанның, физикалық шаршаудың алдын алудың кейбір ережелерін атайды. – Сурет бойынша жарақаттың болуын/ болмауын анықтайды. – Мұғалімнің көмегімен көгеру кезінде алғашқы көмек көрсетеді. 	
<p>Күрделіліктің орташа деңгейі</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Тірек-қимыл жүйесінің мағынасын, негізгі функциялары мен бөліктерін түсінеді және атайды. – Сүйектердің бірігу жолын түсінеді. – Омыртқа қалпының бұзылуының, жалпақтабанның, физикалық шаршаудың алдын алудың маңызын түсінеді. – Тірек жарақатындағы әрекеттер алгоритмін атайды. – Мұғалімнің бақылауымен жарақат алған кезде (буынның созылуы, көгеру, жабық сынық) алғашқы көмек көрсетеді. 	
	«+» – меңгерді, «-» – меңгермеді, «0» – жаратылай меңгерді	

Күрделіліктің жоғары деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Тірек-қимыл жүйесінің негізгі функциялары, адам қаңқасының, сүйектердің, бұлшықеттердің құрылымы туралы айтады. – Сүйектердің бірігу түрлері туралы айтады. – Қаңқа бөліктері мен негізгі бұлшықет топтарының атаулары мен мағыналарын біледі. – Тірек-қимыл жүйесі күйінің ерекшеліктерін сипаттайды. – Практикалық жұмыстардың нәтижелері бойынша қорытынды шығарады. – Жоспар бойынша омыртқа қалпының бұзылуының алдын алу бойынша ұсынымдар жасайды. – Өртүрлі жағдайларда жарақат алу кезінде әрекет ету алгоритмін жасайды.
Қорытынды және ұсынымдар	

«Қан және қанайналым» бөлімінің технологиялық картасы

Сағат саны	7 сағат
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қан мен қанайналымның маңызын түсіну; қан құрамын атау; қанайналым мүшелерін атау; жүрек және қан тамырлары. 2. Жүректің құрылымы мен жұмысы, қан тамырларының, қанайналымның шеңбері туралы айту. 3. Тамырлар арқылы қанның қозғалысын сипаттау; қан қысымы, оны өлшеу әдісі туралы түсінікке ие болу; жүректің жиырылу жиілігін (пульсті) анықтай білу. 4. Қан тамырларының жарақаттарын атау; өртүрлі қан кетулерге алғашқы көмек көрсету тәсілдерін атау және көрсету.

	<p>5. Адам өмірі мен денсаулығын сақтау жолы ретінде қан құю туралы айту; қан топтары, донорлық туралы түсінікке ие болу.</p> <p>6. Жүрек-қан тамырлары ауруларын, олардың алдын алу тәсілдерін атау және сипаттау; алкогольдің, никотиннің, есірткінің адамның жүрегі мен қан тамырларына теріс әсерін түсіну.</p>
Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті	Жаратылыстану сабағында мінез-құлқ ережелерін, жұмыс орнын ұйымдастыру ережелерін білу және сақтау.
Негізгі ұғымдар	<p>Қан, қанайналым, иммунитет.</p> <p>Плазма, эритроциттер, тромбоциттер, лейкоциттер, донор.</p> <p>Қан тамырлары, күретамырлар, тамырлар, қылтамырлар.</p> <p>Жүрек, қолқа, жүрекше, қарынша, тамырдың соғуы.</p> <p>Күретамыр қаны, веналық қан, қанайналымның үлкен шеңбері, қанайналымның кіші шеңбері.</p> <p>Күретамырлық қысым, инфаркт, гипертония, инсульт, кардиолог.</p> <p>Күретамырдан қан кету, қылтамырдан қан кету, көктамырдан қан кету, мұрыннан қан кету, бұрау салу, қысу таңғышы, зарарсыздандыратын ерітінді.</p>
Зертханалық жұмыс	<p>Қанның микроскопиялық құрылымы туралы түсініктің болуы.</p> <p>Тамыр соғу жиілігін анықтау.</p>
Практикалық жұмыс	Қан кету кезінде алғашқы көмек көрсету.
Жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, тәжірибелер мен практикалық жұмыстарды жүргізуге арналған жабдық: микроскоп, тонометр, таңу құралдары.
Пенаралық байланыстар	Алған білімдері мен дағдыларын ӨТБ сабағында, еңбекке баулуда, тұрмыста қолдану.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ КАРТАСЫ

«Қан және қанайналым» бөлімі

Оқушының аты-жөні _____

Туған жылы _____

сыныбы _____

Аңғарым _____

	Күтілетін нәтижелер	«+» – меңгерді, «-» – меңгермеді, «0» – жар-тылай меңгерді
Күрделіліктің төменгі деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Қанайналым мүшелерін таниды және атайды. – Қанның маңызын атайды. – Жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу ережелерін атайды. – Жүрек-қан тамырлары ауруларының себептерін атайды. – Мұғаліммен бірге практикалық жұмыстарды орындайды (тамыр соғысын табу, капиллярлық қан кетуге көмектесу). 	
Күрделіліктің орташа деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Адам ағзасындағы қан айналымының маңызы мен процесін түсінеді. – Көктамыр қаны мен күретамыр қаны арасындағы айырмашылықты түсінеді. – Қан жасушаларының маңызын түсінеді. – Адам үшін иммунитеттің маңыздылығын түсінеді. – Мұғалімнің шамалы көмегімен практикалық жұмыстарды орындайды (тамыр соғысын табу, көктамыр және капиллярлық қан кетуге көмектесу). – Алғашқы көмек көрсету алгоритмін атайды. 	

<p>Құрделіліктің жоғары деңгейі</p>	<ul style="list-style-type: none"> — Қан жасушалары мен олардың қызметтері туралы біледі. — Қанайналым жүйесі бөліктерінің атауларын, негізгі функциялары мен маңызын біледі. — Қанайналым шеңберлері жайлы айтады. — Құретамыр мен көктамыр қандарының айырмашылықтарын түсіндіреді. — Иммунитеттің маңызын біледі. — Өзінің қанайналым жүйесінің (қан қысымы, тамыр соғысы) жай-күйінің ерекшеліктерін сипаттайды. — Қан кету түрлерін сипаттамасы бойынша ажыратады. — Өртүрлі жағдайларда қан кету кезінде алғашқы көмек көрсетеді (капиллярлық, мұрын, көктамыр). — Алғашқы көмек көрсету кезіндегі әрекеттеріне түсініктеме береді. — Құретамырдан қан кету кезінде алғашқы көмек көрсету алгоритмін айтады. — Тамыр соғу жиілігін анықтайды және нормамен салыстырады.
<p>Қорытынды және ұсынымдар</p>	

«Тыныс алу» бөлімінің технологиялық картасы

Сағат саны	4 сағат
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тыныс алудың маңызы туралы айту; тынысалу жүйесінің құрылысы мен қызметін сипаттау; тынысалу мүшелерін атау; дауыс аппаратын сипаттау. 2. Өкпенің құрылымын сипаттау; өкпе мен тіндерде газ алмасу қалай жүретінін айту. 3. Тынысалу қозғалыстарын, олардың ырғағын бақылау; дем алу және дем шығару кезінде кеуде қуысы көлемінің өзгеруі. 4. Ауа арқылы берілетін ауруларды атау; суық тигеннен болатын аурулардың алдын алу тәсілдерін атау; никотиннің тынысалу мүшелеріне теріс әсерін атау; ауа ортасын қорғау тәсілдерін атау.
Еңбекті ұйымдас- тыру мәдениеті	Жаратылыстану сабағында мінез-құлқ ережелерін, практикалық жұмыстарды орындау кезінде мінез-құлқ ережелерін білу және сақтау.
Негізгі ұғымдар	<p>Мұрын қуысы, трахея, бронхтар, өкпе, тынысалу жолдары, диафрагма.</p> <p>Газ алмасу, оттегі, көмірқышқыл газы, су буы.</p> <p>Шаң, пайдаланылған газдар.</p> <p>Ангина, бронхит, өкпенің қабынуы, тұмау, ЖРВИ, туберкулез.</p>
Практикалық жұмыс	Демалыс кезінде және денеге күш түскеннен кейін тыныс алу жиілігін анықтау.
Жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері.
Пәнаралық бай- ланыстар	Алған білімі мен дағдыларын практикалық жұмыстарда, тұрмыста қолдану.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ ҚАРТАСЫ

«Тыныс алу» бөлімі

Оқушының аты-жөні
Аңғарым _____

Туған жылы _____

сыныбы _____

Күтілетін нәтижелер		«+» – меңгерді, «-» – меңгермеді, «0» – жар- тылай меңгерді
Күрделіліктің тө- менгі деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Тынысалу жүйесінің мүшелерін таниды және атайды. – Жабық және ашық дауыс желбезектерін таниды және ажыратады. – Суреттен сау және ауру өкпелерді ажыратады. – Тынысалу жүйесі ауруларының алдын алу ережелерін атайды және орындайды. – Суық тию мен олардың белгілерін атайды. – Ауру жағдайында мінез-құлық ережелерін атайды. 	
Күрделіліктің орташа деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Тынысалу жүйесі мен оның мүшелерінің құрылысы, маңызы мен қызметі туралы біледі. – Өкпе мен тіңдердегі газ алмасудың маңызын түсінеді. – Сурет бойынша тынысалу қозғалысы туралы айтады. – Мұғалімнің көмегімен тыныс алу және дем шығару кезінде кеуде қуысының көлемі туралы қорытынды жасайды. – Салауатты өмір салтының ережелері және суық тию мен жұқпалы аурулардың алдын алу туралы айтады. 	

	<ul style="list-style-type: none"> – Тұмауды жұқтыру жолдары туралы айтады. – Жетекші сұрақтардың көмегімен сыныпта әуе кеңістігін қорғау жоспарын құрады. – Суық тиген жағдайда әрекет ету алгоритмі туралы айтады. 	
<p>Құрделіліктің жоғары деңгейі</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Тынысалу жүйесі мен оның мүшелерінің құрылымы, маңызы мен қызметі туралы айтады. – Өкпеде және басқа мүшелерде газ алмасу туралы айтады. – Дене белсенділігінің тыныс алу жиілігіне әсері туралы қорытынды жасайды. – Мұғалімнің сұрақтары бойынша өзінің тынысалу жүйесінің жай-күйінің ерекшеліктерін сипаттайды. – Темекі шөгудің тынысалу жүйесіне теріс әсерін түсіндіреді. Мектепте әуе кеңістігін қорғау бойынша жоспар құрады. – Суық тию және жұқпалы ауруларды ажыратады. – Суық тиіп ауырған науқаспен қарым-қатынас кезінде гигиена ережелерін сақтау қажеттілігін түсіндіреді. 	
<p>Қорытынды және ұсынымдар</p>		

«Асқорыту» бөлімінің технологиялық картасы

Сағат саны	13 сағат
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)	<p>1. Тамақтану – ағзаның тіршілік әрекетінің қажетті шарты екенін түсіну; негізгі қоректік заттарға (ақуыздар, майлар, көмірсулар) сипаттама беру, оларды қамтитын өнімдерді атау; өсімдік және жануартекті азық-түліктерді атау және сипаттау.</p> <p>2. Дәрумендерді атау, олардың адам денсаулығын сақтаудағы рөлі туралы айту; тамақ өнімдеріндегі дәрумендерді сақтау тәсілдерін атау.</p> <p>3. Асқорытудың маңызы туралы айту; асқорыту жүйесінің құрылымын сипаттау; асқорыту мүшелерінің жұмысы туралы айту.</p> <p>4. Асқорыту процесінде тістердің рөлі туралы айту; тістер мен ауыз қуысының гигиенасы әдістерін атау және көрсету.</p> <p>5. Ауыз қуысында, асқазанда, ішекте асқорыту туралы түсінікке ие болу; қанда қоректік заттардың сіну процесін сипаттау; адамның тамақтану гигиенасы мен нормалары туралы айту; асқазан-ішек және ішек құрт ауруларының алдын алу, астан уланудың алдын алу тәсілдерін атау.</p> <p>6. Темекі шегу мен алкогольдің асқорыту мүшелеріне зиянды әсерін түсіну.</p>
Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті	Жаратылыстану сабағында мінез-құлық ережелерін, практикалық жұмыстар мен тәжірибелер жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау.
Негізгі ұғымдар	<p>Тамақтану, асқорыту.</p> <p>Ақуыздар, майлар, көмірсулар, минералды тұздар, су.</p> <p>Дәрумендер, дәрумен тапшылығы.</p> <p>Ауыз қуысы, өңеш, жұтқыншақ, қарын, ішек, бауыр, өт қабы, ұйқы безі.</p> <p>Тіл, сілекей бездері, күрек тістер, ұры тістер, азу тістер.</p> <p>Асқазан сөлі, аш ішек, тоқ ішек, соқыр ішек.</p> <p>Тамақтану гигиенасы, диетолог.</p>

	<p>Тісжегі, қызыл иектің қабынуы, тіс дерігері. Гастрит, асқазан жарасы, гепатит, цирроз. Жұқпалы аурулар, ішек құрт аурулары, дизентерия, құрттар. Астан улану, ботулизм, саңырауқұлақтан улану.</p>
Көрсетілген тәжірибелер	<p>Нан мен картоптағы крахмалды анықтау. Бидай ұнындағы ақуыз бен крахмалды анықтау. Сілекейдің крахмалға әсері. Асқазан сөлінің ақуыздарға әсері.</p>
Практикалық жұмыс	<p>Тамақ өнімдерінің сыртқы түрі мен орамасы бойынша балғындығы мен сапасын зерттеу. Ауыз қуысының гигиенасы. Тіс күтімі. Қол жуу техникасы.</p>
Жабдық	<p>Оқулық, жұмыс дәптері, практикалық жұмыстарға арналған жабдықтар: түрлі қаптамадағы өнімдер, тіс жіптері, тіс шеткесі, сабын.</p>
Пенаралық байланыс	<p>Алған білімдері мен дағдыларын ӨТБ сабақтарында, еңбекке баулу, практикалық жұмыстарда, тұрмыста қолдану.</p>

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ ҚАРТАСЫ

«Асқорыту» бөлімі

Оқушының аты-жөні Аңғарым	туған жылы	сыныбы	«+» – меңгерді, «-» – меңгермеді, «0» – жартылай меңгерді
		Күтілетін нәтижелер	
Күрделіліктің тө- менгі деңгейі		<ul style="list-style-type: none"> – Өсімдіктер мен жануарлардың тамағын атайды және ажыратады. – Өртүрлі қоректік заттар, дәрумендер бар азық-түлік өнімдерін таниды және атайды. – Асқорытудың негізгі мүшелерін атайды. Денеді мүшенің орналасуын көрсетеді. – Ауыз қуысында тамақпен не болатынын біледі. – Тіс күтімі ережелерін атайды. Тіс күтімін қолданады және көрсетеді. – Тамақтану уақыты мен тиісті үлгілік мәзірді атап шығады. – Ішек құрт және жұқпалы аурулардың себептерін атайды. – Асқорыту гигиенасының ережелерін атайды. – Қолды дұрыс жуады. 	
Күрделіліктің ор- таша деңгейі		<ul style="list-style-type: none"> – Жануар тамағы мен өсімдік тамағының айырмашылығын түсінеді. Мысалдар келтіреді. – Ұсынылған жоспар бойынша өнімдердің сыртқы түрі мен орамасы бойынша балғындығын анықтайды. 	

	<ul style="list-style-type: none"> – Асқорыту жүйесінің құрылымы туралы сызба бойынша айтады. – Асқорыту мүшелерінің атауларын, маңызын, денеде орналасуын, қызметтерін біледі. – Асқорыту процесін түсінеді. – Тіс күтімі ережелерін түсінеді және атайды. – Тәулік уақытына сәйкес тамақтану режімінің, тағамның теңгерімділігі мен көлемінің маңыздылығын түсінеді. – Зиянды әдеттердің асқорыту мүшелеріне теріс әсерін түсінеді. – Жұқпалы және ішек құрт ауруларының, астан уланудың себептері мен алдын алу туралы әңгімелейді. 	
<p>Күрделіліктің жоғары деңгейі</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Өнімдердің балғындығын сыртқы түрі мен орамы бойынша анықтайды. – Негізгі қоректік заттарға сипаттама береді. – Ағза үшін дәрумендердің маңыздылығын түсіндіреді. – Ас қорытудың маңызы мен процесі туралы айтады. – Асқорыту жүйесінің құрылымы туралы айтады. – Ас қорыту мүшелерінің жұмысы туралы айтады. – Тістің құрылымы туралы айтады. – Тіс күтімінің қажеттілігін түсіндіреді. – Күніне қажетті теңдестірілген өнімдердің тізімін жасайды. – Жұқпалы және ішек құрт ауруларының, астан уланудың пайда болу себептері мен алдын алу шараларын түсіндіреді. – Жаман әдеттердің асқорыту мүшелеріне теріс әсерін түсіндіреді. – Астан улану кезіндегі алғашқы көмек туралы айтады. – Қолды жуу техникасын көрсетеді және түсіндіреді. 	
<p>Қорытынды және ұсынымдар</p>		

«Зәршығару жүйесі» бөлімінің технологиялық картасы

Сағат саны	2 сағат
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)	<p>1. Ағзадан зат алмасу өнімдерін алып тастаудың маңызы туралы айту; зәршығару жүйесінің мүшелерін атау.</p> <p>2. Бүйректің сыртқы түрін, олардың ағзадағы орналасуын сипаттау; бүйрек ауруларының алдын алу тәсілдерін атау.</p>
Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті	Жаратылыстану сабағында мінез-құлық ережелерін білу және сақтау.
Негізгі ұғымдар	Бүйрек, зәр, несеп жолы, қуық. Бүйрек аурулары.
Жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, бүйрек муляжы.
Пәнаралық байланыс	Алған білімдерін тұрмыста қолдану.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ КАРТАСЫ «Зәр шығару жүйесі» бөлімі

Оқушының аты-жөні
Аңғарым _____

Туған жылы _____

сыныбы _____

	Күтілетін нәтижелер	«+» – меңгерді, «-» – меңгермеді, «0» – жартылай меңгерді
<p>Күрделіліктің төменгі деңгейі</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Бүйректерді таниды және атайды. – Ағзадағы бүйректің орналасуын көрсетеді. – Зәр шығару жүйесінің мүшелері ауруларының алдын алу шараларын атайды. 	
<p>Күрделіліктің орташа деңгейі</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Зәр шығару жүйесінің маңызы мен функцияларын түсінеді. – Зәр шығару жүйесінің негізгі мүшелерінің аттарын біледі. – Бүйректің сыртқы құрылымын сипаттайды. – Ағзадағы бүйректің орналасуын көрсетеді. – Бүйрек ауруының белгілерін атайды. – Зәр шығару жүйесінің мүшелері ауруларының алдын алудың маңыздылығын түсінеді. – Аурудың белгілері пайда болған кезде дәрігерге бару қажеттілігін түсінеді. 	

Құрделіліктің жоғары деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Зәр шығару жүйесінің маңызы туралы айтады. – Зәр шығару жүйесінің негізгі мүшелерінің аттарын біледі және оларды сыртқы түрімен ажыратады. – Зәр шығару процесі туралы схема бойынша айтады. – Зәр шығару жүйесі ауруларының себептерін түсіндіреді. – Бүйрек пен қуық ауруының белгілерін ажыратады. – Зәр шығару жүйесінің мүшелері ауруларының алдын алу шаралары туралы айтады. – Аурудың белгілері пайда болған кезде оның әрекеттерінің алгоритмін айтады. 	
Қорытынды және ұсынымдар		

«Тері» бөлімінің технологиялық картасы

Сағат саны	10 сағат	
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)	<ol style="list-style-type: none"> 1. Терінің құрылымдық ерекшеліктері және оның маңызы туралы айту; терінің жылу реттеудегі рөлін түсіну. 2. Жылу, күн соққысы, күйік, үсік белгілерін атау; олардың алдын алу тәсілдерін атау және олар пайда болған кезде алғашқы көмек көрсету тәсілдерін көрсету. 3. Тері, шаш, тырнақ гигиенасы тәсілдерін атау; денеге күтім жасайтын косметикалық құралдарды атау; сабын, жөке, сусабын пайдалану ережелерін сипаттау. 4. Таза шаштың сұлулығы мен саулығын көре білу және бағалай білу; Тырнаққа күтім жасау қажеттілігін түсіну, терінің зақымдануы кезінде алғашқы көмек көрсете білу. 5. Ағзаны шынықтыру әдістерін атау; күнмен, сумен, ауамен шынығу ережелерін атау. 	

Еңбекті ұйымдас-тыру мәдениеті	Жаратылыстану сабағында өзін-өзі ұстау ережелерін, практикалық жұмыстар мен тәжірибелер жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерін білу және сақтау.
Негізгі ұғымдар	Тері, тері бездері, май бездері. Сабын, гель, жөке, крем. Шаш, тырнақ, шаш түбі, қалыпты шаш, майлы шаш, құрғақ шаш, тырнақ пластиналары, терінің саңырауқұлақтық зақымдануы, кебе, гигиеналық маникюр. Дерматит, құрғақ теміреткі, қышыма, дерматолог. Шынығу, күн ванналары, сурту, сумен шаю, шомылу. Қызып кету, жылу соққысы, күн соққысы, күйік, үсу.
Практикалық жұмыстар	Орындау: Тырнақ және қол терісінің күтімі Шаш күтімі. Шаш күтімі құралдары. Көрсету: Жылу және күн соққысы кезіндегі алғашқы көмек. Үсік шалған және күйік шалған кездегі алғашқы көмек.
Жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, практикалық жұмыстарға арналған жабдықтар: шаш күтімі құралдары, тырнақ шөткесі.
Пәнаралық байланыс	Алған білімдері мен дағдыларын ӘБҚ сабақтарында, тұрмыста қолдану.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ КАРТАСЫ

«Тері» бөлімі

Оқушының аты-жөні
Аңғарым _____

туған жылы _____

сыныбы _____

	Күтілетін нәтижелер	«+» – меңгерді, «->» – меңгермеді, «0» – жартылай меңгерді
<p>Күрделіліктің төменгі деңгейі</p>	<p>Күтілетін нәтижелер</p> <ul style="list-style-type: none"> – Теріні, шашты, тырнақты ажыратады және атайды. – Терлеудің маңызын атайды. – Салауатты өмір салтының ережелерін біледі (тері, шаш, тырнақ гигиенасы). – Тері гигиенасы ережелерін атайды. – Киім мен аяқ киімді, гигиена заттарын таңдауға қойылатын гигиеналық талаптарды атайды. – Шынығудың жалпы ережелерін атайды. – Күн соққысының белгілерін және оның алдын алу шараларын атайды. – Үсік шалу белгілері бар дене бөліктерін таниды және суреттен көрсетеді. 	
<p>Күрделіліктің орташа деңгейі</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Жылуды реттеу кезінде терінің рөлін, оның адам өміріндегі маңыздылығын түсінеді. – Терінің құрылысы туралы айтады. – Тырнақ пен шаштың өзгерген тері екенін түсінеді. 	

	<ul style="list-style-type: none"> – Тер мен майдың бөлінуінің маңызын түсінеді. – Тері гигиенасы ережелерін, киім мен аяқкіімге, гигиена заттарына қойылатын гигиеналық талаптарды атайды. – Орындау тәртібін, гигиеналық маникюр тәсілдерін, шаш күтімін атайды. – Күн немесе жылу соққысының алдын алу ережелерін атайды. – Үсік шалу, күйік шалу белгілерін атайды. – Мұғалімнің бақылауымен алғашқы көмек көрсету тәсілдерін орындайды. 	
<p>Күрделіліктің жоғары деңгейі</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Терінің құрылымы туралы айтады. – Тырнақтың, шаштың негізгі бөліктерін атайды. – Терінің негізгі функциялары мен қасиеттерін біледі. – Өз терісінің, тырнақтарының, шашының жай-күйінің ерекшеліктерін сипаттайды. – Өз шашының типін анықтайды. Шаш типі бойынша шаш күтіміне арналған құралдарды таңдайды. – Тері ауруларының пайда болу себептерін түсіндіреді. – Тері ауруларының алдын алу шаралары туралы айтады. – Шынығу түрлері мен ережелерін айтады. – Күн немесе жылу соққысы кезінде алғашқы көмек көрсетеді. – Үсік шалу, күйік шалу белгілері туралы айтады. – Үсік шалу және күйік шалу кезінде алғашқы көмек көрсету тәсілдерін көрсетеді және түсініктеме береді. 	
<p>Қорытынды және ұсынымдар</p>		

«Жүйке жүйесі» бөлімінің технологиялық картасы

Сағат саны	3 сағат
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)	<p>1. Жүйке жүйесінің құрылысын сипаттау және мағынасын түсіндіру; рефлекс және рефлекторлық доға туралы түсініктің болуы.</p> <p>2. Жұлынның құрылымы мен маңызын сипаттау.</p> <p>3. Адам денсаулығы үшін еңбек гигиенасының маңызы туралы айту; адам денсаулығын сақтау үшін күн тәртібінің, ұйқының маңызы туралы айту; алкоголь мен никотиннің адамның жүйке жүйесіне зиянды әсерін түсіну.</p>
Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті	Жаратылыстану сабағында мінез-құлық ережелерін білу және сақтау.
Негізгі ұғымдар	<p>Ми, үлкен ми сыңарының қыртысы, ми бағанасы, мишық, сопақша ми, жұлын.</p> <p>Жүйке, жүйке жасушалары, жүйке ұштары, қозу, рефлекс.</p> <p>Сөйлеу, ойлау, сана.</p> <p>Күн тәртібі, еңбек гигиенасы.</p> <p>Ұйқы, түс көру.</p> <p>Маскүнемдік, темекі шегу, есірткі, нашақорлық, нарколог, невропатолог.</p>
Зертханалық жұмыс	Жыпылықтау рефлексін түсіндіру.
Жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері.
Пенаралық байланыстар	Алған білімдері мен дағдыларын сабақтарда, тұрмыста қолдану.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ КАРТАСЫ

«Жүйке жүйесі» бөлімі

Оқушының аты-жөні
Аңғарым _____

Туған жылы _____

сыныбы _____

Күтілетін нәтижелер		«+» – меңгерді, «-» – меңгермеді, «0» – жартылай меңгерді
Күрделіліктің төменгі деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Жүйке ұғымын атайды. – Жүйке жүйесінің гигиена ережелерін атайды. 	
Күрделіліктің орташа деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Адам үшін жүйке жүйесінің маңызын түсінеді. – Жүйке жүйесінің негізгі мүшелерін атайды. – Мидың бөліктерін атайды. – Рефлекс доғасы арқылы мидың ағзалармен байланыс процесін түсінеді. – Салауатты өмір салты ережелерін біледі (жаман әдеттерден бас тарту, күн тәртібін сақтау, қызмет түрлерін ауыстыру, жұмыс пен демалысты кезектестіру). – Сұрақтар бойынша өз денсаулығының жай-күй ерекшеліктерін сипаттайды (ұйқының сипаттамасы, түс көру/көрмеу, күн тәртібінің сипаттамасы, жаман әдеттердің болуы/болмауы, қимыл-қозғалыс үйлесімі, есте сақтау, жұмыс қабілеттілігі күйі). 	

<p>Құрделіліктің жоғары деңгейі</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Адамның жүйке жүйесінің құрылымы туралы айтады. – Жүйке жүйесінің атаулары мен бөліктерін біледі. – Жүйке жүйесінің қызметтерін біледі. – Жұлынның құрылымы мен маңызын сипаттайды. – Мидың құрылымы мен маңызын сипаттайды. – Рефлекс доғасы арқылы мидың ағзалармен байланыс процесін түсіндіреді. – Жаман әдеттердің болуы мен денсаулықты жоғалту, өмір сүру ұзақтығын қысқарту арасында өзара байланыстың бар екенін түсінеді. – Өз денсаулығының жай-күйі ерекшеліктерін сипаттайды (ұйқының сипаттамасы, түс көру/көрмеу, күн тәртібінің сипаттамасы, жаман әдеттердің болуы/болмауы, қимыл-қозғалыс үйлесімі, есте сақтау, жұмыс қабілеттілігі күйі). 	
<p>Қорытынды және ұсынымдар</p>		

«Сезім мүшелері» бөлімінің технологиялық картасы

Сағат саны	5 сағат
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)	<ol style="list-style-type: none"> 1. Адам өміріндегі сезім мүшелерінің маңыздылығын, оның еңбек қызметін түсіндіру; сезім мүшелері ауруларының алдын алу жолдарын атау. 2. Көру мүшесінің құрылымы мен қызметі туралы айту; жақыннан көрмеушілікке, алыстан көрмеушілікке сипаттама беру; көзді қорғаудың қарапайым тәсілдерін атау; көз зақымданған кезде алғашқы көмек көрсету тәсілдерін атау. 3. Есту мүшесінің құрылысы, қызметі, гигиенасы туралы айту. 4. Иіс пен дәм сезу мүшелерінің құрылымы, қызметі, гигиенасы туралы айту. 5. Сезу мүшесінің құрылымы, қызметі, гигиенасы туралы айту; теріге тиген кезде пайда болатын сезімдерді ажырату және атау (жұмсақ – қатты, тепіс – бұжыр, жылы – суық).
Практикалық жұмыс	<p>Көздің шатырша қабығының түсін анықтау.</p> <p>Өртүрлі жарықтандыру кезінде көз қарашығының шамаларын анықтау.</p> <p>Көзге бөтен зат түскен кездегі алғашқы көмек көрсету.</p>
Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті	Жаратылыстану сабағында мінез-құлық ережелерін, практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде мінез-құлық ережелерін білу және сақтау.
Негізгі ұғымдар	Сезім мүшелері, көз, қасаң қабық, нұрлы қабықша, қарашық, көз жанары, жақыннан нашаркөргіштік, алыстан нашаркөргіштік. Сыртқы құлақ, ортанғы құлақ, ішкі құлақ, құлақ жарғағы, есту сүйекшелері, керемдік, құлық. Иіс сезу мүшесі, иісті заттар, тұмау, тіл.
Жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, құлақ моделі, көз моделі.
Пенаралық байланыс	Алған білімдері мен дағдыларын география, орыс тілі сабақтарында, еңбекке баулу сабақтарында, уақсакеде, тұрмыста практикалық жұмыстарда қолдану.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ ҚАРТАСЫ

«Сезім мүшелері» бөлімі

Оқушының аты-жөні
Аңғарым _____

Туған жылы _____

сыныбы _____

Күтілетін нәтижелер		«+» – меңгерді, «->» – меңгермеді, «0» – жартылай меңгерді
Күрделіліктің төменгі деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Адамның сезім мүшелерін таниды, атайды, ажыратады. – Сезім мүшелері ауруларының алдын алу ережелерін атайды. – Өртүрлі жарықта нұрлы қабықшаның түсін, қарашық көлемін анықтайды. 	
Күрделіліктің орташа деңгейі	<ul style="list-style-type: none"> – Сезім мүшелерінің маңызын түсінеді. – Көздің қызметі мен бөліктерін атайды. – Алыстан көрмеушілік пен жақыннан көрмеушілікті ажыратады. – Құлақтың қызметін, бөліктерін атайды. – Есту қабілетінің бұзылу себептерін атайды. – Көру және есту мүшелері ауруларының алдын алу туралы айтады. – Сезіну және дәм сезу мүшелерін, олардың қызметтерін ажыратады және атайды. – Өзінің сезім мүшелерінің жай-күйі туралы әңгімелейді (көру және есту өткірлігі, нұрлы қабықтың түсі, тұмаудың және аллергияның болуы/болмауы, жағымсыз иістерді қабылдау/қабылдамау). 	

	<ul style="list-style-type: none"> – Көз ауруларын атайды. – Көзге зақым келген кезде алғашқы көмек әдістерін атайды. – Мұғалімнің бақылауымен көзді дұрыс жуа алады. 	
<p>Күрделіліктің жоғары деңгейі</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Адамның сезім мүшелерінің маңызын түсіндіреді. – Көздің құрылымы мен қызметі туралы айтады. – Алыстан көрмеушілік пен жақыннан көрмеушілікті сипаттайды. – Есту органының құрылымы, қызметі, гигиенасы туралы айтады. – Есту мүшесіндегі дыбыстың өту процесі туралы айтады. – Есту қабілетінің бұзылу себептерін түсіндіреді. – Иіс сезу мүшесінің құрылымы, қызметі, гигиенасы туралы айтады. – Сезіну және дәм сезу мүшелерінің сыртқы түрі, қызметі туралы айтады. – Өзінің сезім мүшелерінің жай-күйі туралы әңгімелейді (көру және есту өткірлігі, нұрлы қабықтың түсі, тұмаудың және аллергияның болуы/болмауы, жағымсыз иістерді қабылдау/қабылдамау). – Көз ауруларының пайда болу себептерін түсіндіреді. – Көзге бөгде зат түскен жағдайда алғашқы көмек көрсетеді. 	
<p>Қорытынды және ұсынымдар</p>		

«Адамның көбеюі мен дамуы» бөлімінің технологиялық картасы

Сағат саны	2 сағат
Оқу мақсаттары (күтілетін нәтижелер)	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ерлер мен әйелдер ағзасының анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері туралы айту. 2. Ұрықтану, бала біту және жүктілік процесі туралы айту. 3. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың заманауи әдістері туралы айту. 4. Ерте жыныстық қатынастың зияны туралы түсінік болу. 5. ЖЖБИ (жыныстық жолмен берілетін инфекциялар), ЖИТС жұқтырудың алдын алу тәсілдерін атау.
Еңбекті ұйымдас- тыру мәдениеті	Жаратылыстану сабағында мінез-құлқлық ережелерін білу және сақтау.
Негізгі ұғымдар	<p>Еркек жыныс мүшелері, сперматозоидтер, атабезд, қуықасты безі, шәует қуықшасы, жұмалақ, шәует шығаратын түтік.</p> <p>Әйел жыныс мүшелері, аналық бездер, аналық жасуша, жатыр.</p> <p>Ұрықтану, жүктілік, ұрық.</p> <p>Отбасын жоспарлау, контрацепция.</p> <p>ЖЖБИ (жыныстық жолмен берілетін инфекциялар), АИТВ, ЖИТС, мерез, В және С гепатитінің вирустары, гонорея, венеролог.</p>
Жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, контрацептивтер үлгілері.
